

**Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдары педагогтері мен білім алушылары арасында  
«Әлемді тербеткен ана» тақырыбында  
республикалық сырттай байқауды өткізу ережелері**

**1. Жалпы ережелер**

1. Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдары педагогтері мен білім алушылары арасында «Әлемді тербеткен ана» тақырыбында республикалық сырттай байқауды өткізу ережелері (бұдан әрі - Байқау) байқауды өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты – адамгершілік құндылықтарды, анаға саналы түрде құрмет пен махаббат сезімін қалыптастыруға, балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Байқау міндеттері:

1) білім алушылардың әдеби қабілеттілігін дамыту, шығармашылық дамытуға уәждемесін арттыру;

2) оқушылармен дәстүрлі мектеп іс-шараларын өткізгенде жаңа формалар мен әдістерді қолдану, мәдени жаппай іс-шаралардың сапасын арттыру;

3) шығармашыл қызмет ететін педагогтерді анықтау және оларға өз-өздерін жүзеге асырылуларына жағдай жасау, балалардың белсенді демалуын ұйымдастыру саласында педагогтердің озық тәжірибе жұмысын тарату.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

**2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі**

5. Байқау **2015 жылғы 12 ақпан-31 наурыз аралығында** балаларға арналған **www.ziyatker.org** ғылыми-танымдық сайтта сырттай өткізіледі.

6. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес **2015 жылғы 31 наурызға дейін rumcdo.konkurs@mail.ru** электрондық поштаға қабылданады.

Анықтама телефондары: +7 (7172) 249 306. Көркем-эстетикалық бағыттағы бөлім әдіскері Қанағатова Аяулым Мейрамғазықызы.

7. **2015 жылғы 31 наурыздан** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

8. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастырушылар жауапты емес.

9. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында, ғаламтор баспаларында жариялауға құқылы.

**10. Байқауға қатысу үшін педагогтерге 2000 (екі мың) теңге, білім алушыларға 1000 (мың теңге) төлемақы төленеді.**

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Астана қаласы, БанкЦентрКредит АҚ.

ИИК KZ918560000005068448

БИК КСЖВКЗКХ

БИН 990140004733

Кбе 16

КНП: 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

**Төлемақы мақсаты:** «Әлемді тербеткен ана» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) сканерден өткізіп, **rumcdo.konkurs@mail.ru** электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

**11. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын анықтау 2015 жылғы 9 сәуірде жүргізіледі.**

### **3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар**

12. Байқау келесі **номинациялар** бойынша өткізіледі:

Білім алушыларға: **«Менің анам...» үздік тұсаукесері»**

Педагогтерге: **«Әлемді тербеткен ана» үздік мереке сценарийі.**

13. **«Менің анам...» үздік презентация»** білім алушылар байқауы келесі жас санаттары бойынша өткізіледі:

**кіші жастағы санат: 8-10 жас;**

**орта жастағы санат: 11-14 жас;**

**жоғарғы жастағы санат: 15-17 жас.**

14. Келесі талаптарға сәйкес байқау жұмыстары қабылданады:

**«Менің анам...» үздік презентация»** номинациясы бойынша байқау жұмысы Microsoft Office PowerPoint (кез келген нұсқасы) форматында орындалуы қажет, (фотосуреттерден, суреттерден, кестелерден) құралған 20 слайдтан артық болмауы керек. Слайд-презентация дикторлық мәтін немесе музыкамен сүйемелдене алады.

**«Әлемді тербеткен ана» үздік мереке сценарийі** номинациясына мектепке дейінгі, жалпы орта және қосымша білім беру педагогтері қатыса алады. Байқауға өткізілген іс-шараның 10 беттен аспайтын, аталған іс-шараның 6\*9 өлшемді 3 фотосуреті кірген сценарийлер қабылданады.

Байқауға тек жеке жұмыстар қабылданады.

15. Конкурстық жұмыстың титулдық парағын толтыру реті. Конкурстық жұмыстың титулдық парағында:

- автордың аты-жөні;
- облыс, аудан (қала) немесе ауыл;
- білім беру ұйымының атауы;

- байқаудың және номинацияның аталуы;
- e-mail.

16. «Әлемді тербеткен ана» атты байқау қорытындысының соңында жеңімпаз қатысушылардың ең үздік жұмыстары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында «Поэты и писатели» клубының «Әдебиет форумы» бөлімінде жарияланады.

17. Қатысушы балаларға арналған ғылыми-танымдық [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында «Поэты и писатели», «Акварель» көркемдік-эстетикалық бағыттағы клубтар қауымдастығының («ВКонтакте» әлеуметтік желісі арқылы) мүшесі болуы тиіс.

18. «Менің анам...» үздік презентация» байқауының бағалау критерийлері:

*байқаудың тақырыбына сәйкес болуы;*

*жұмысқа жалпы позитивті кірісуі, жалпы адами құндылықтардың бейнеленуі;*

*сюжеттің түпнұсқалығы және авторлық ұстанымы;*

*елестету байлығы және автордың шығармашылық тәсілі;*

*байқау жұмысын сауатты және эстетикалық түрде ресімдеу.*

«Әлемді тербеткен ана» үздік мереке сценарийі байқауының бағалау критерийлері:

*байқаудың тақырыбына сәйкес болуы;*

*шығарманың біртұтастылығы;*

*ойға қонымдылық пен аяқталымдылығы;*

*тақырыпты ашуға ерекше тәсіл;*

*музыкалық және сахналық мәдениет;*

*оқушылардың тұлғалық және жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы;*

21. **Бөтен адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады.** Байқауға ұсынылған жұмыстарда қатыгездік және зорлық-зомбылық көріністері, адамның немесе бір топ адамдардың қадір-қасиетін кез келген түрде кемсітетін ақпарат болмауы қажет.

#### **4. Байқаудың қорытындысыншығару және жеңімпаздарды марапаттау**

22. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

22. Байқауда жүлделі орындарына ие болған жеңімпаздар тиісті дәрежелердегі дипломдармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың және қатысушыларға сертификаттардың электрондық нұсқасы электрондық пошта арқылы жіберіледі.